

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№16				
Күндері	13.12 -15.12.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жаңа жылдық сыйлықтар / Новогодние подарки / New year present				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дийсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдырса" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою).	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Айна". Балаға қарама-қарсы тұрып, өртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Ұйқылы-ояу айна". Алдыңғы ойынды түрлендіріңіз, балаға "айнаның" ұйқысы қанбай қалып, барлық қимылдарды бір қимылға кешігіп көрсететінін түсіндіріңіз.		
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану кезінде педагог балалармен бірге әдеп ережелерін, парасаттылықты және оларды сақтау қажеттіліктерін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.		
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Шырша ойыншықтарымен танысу". Мақсаты. Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. <i>Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".</i> Сурет салу "Аяз атаның қабы". Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы "Аяз ата".</i> Дене шынықтыру "Жаңа доп". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету. <i>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсаты. Балалардың шырша туралы өнге қызығушылығын арттыру; өннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; өндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. <i>"Аяз" ойыны.</i> Математика негіздері "Шырша ойыншықтары". Мақсаты. Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұтастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Шырша моншақтарына жуан-жіңішке жіптер".</i> Вариативті компонент Дидактикалық ойындар	Көркем өдебиет "Хан мен құмырсқалар". Мақсаты. Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру. <i>"Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы.</i> Дене шынықтыру "Допты дәлдеп лақтыр". Мақсаты. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. <i>"Допты кері лақтыр" қимылды ойыны.</i> Жаратылыстану "Жасыл шырша". Мақсаты. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. <i>"Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны.</i>		

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Желді бақылау. Мақсаты: желдің бағытын анықтау. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау) Мақсаты: педагогке қардан құрылыс жасауда көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен жаңбыр", "Мені қуып жетіңдер", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 рет ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Ауа райын бақылау. Мақсаты: қысқы жағдайларда күн туралы түсінікті кеңейтуді және тереңдетуді жалғастыру; табиғаттың жансыз объектілеріне қызығушылықты қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; қайың мен тау күліне апаратын жолды тазарту). Мақсаты: жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйінді тап", "Балаландар". Мақсаты: шеңберге секіруді және бұйрық бойынша секіруді үйрету, өз үйлерін табу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, секіруді үйрету, тепе-теңдікті дамыту.	Желді бақылау. Мақсаты: желдің болуын және бағытын анықтау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылыс жасау үшін қарды бір жерге жинау). Мақсаты: тапсырманы жақсы орындауға үйрету; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". Мақсаты: аяғымен итеріп, шанаға отырып, жалаушаға жылжуды үйрету.	
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.			
Балалармен жеке жұмыс	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.			
Үйге оралу	Балалардың қауіпсіздігі жайлы жағдай туғызу.			

Тексерген:Бекишева М.А